

ЖЕКПЕ-ЖЕК спортының жарыстар өткізу ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:

- 1.1 «Жекпе-жек» өнері бойынша жарыстар жұртшылықты қазақтың ұлттық ойындарына жататын осы жарыс түрімен ұдайы айналысуға тарту, сондай-ақ халық арасында осы ұлттық спорт түрінің салауатты өмір салты принциптерін дәріптеу құралы ретінде кең насихаттау әрі жандандыру, спортшылардың шеберлігін арттыру, өмірлік маңызы бар қолданбалы дағдылар мен жастарды батылдық, епшілдік секілді жеке қасиеттерін жетілдіру мақсатында өткізіледі.
- 1.2 Жарысты өткізу ережелері мен олардың есебін жүргізу регламентпен әрбір жеке жағдайда белгіленеді, оны осы жарыстарды өткізетін ұйым әзірлейді.
- 1.3 Жарыс регламенті мынадай тараулардан тұрады:
 - 1) Спорттық жарыстың атауы, спорттық жарыстың өткізілетін орны мен күні, спорттық жарыстарға қатысушылардың келу және қайту күндері;
 - 2) Қатысушы ұйымдар жарысқа қатысушылардың сандық құрамы;
 - 3) медициналық-санитарлық және допингке қарсы камтамасыз ету;
 - 4) Спорттық жарысқа қатысу үшін өтінімдер берудің тәртібі мен қаржыландыру шарттары;
 - 5) спорттық жарыстың чемпиондары мен жүлдегерлерін марапаттау тәртібі;
 - 6) наразылық көрсету тәртібі және оны қарау;**(Қосымша беттер)**

Регламенттің талаптары осы ережелерге қайшы келмеуі тиіс.

- 1.4 Жарыс регламенті жарысқа қатысуға шақырылған ұйымдарға мына мерзімде жолдануға тиіс.
 - дене шынықтыру және спорт ұйымдарының жарыстары үшін кемінде 2 ай бұрын;
 - аудандық және қалалық жарыстар үшін кемінде 2 ай бұрын;
 - облыстық жарыстар үшін кемінде 2 ай бұрын;
 - республикалық және халықаралық жарыстар үшін кемінде 3 ай бұрын.

II. ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:

- 2.1 Жарысқа арнайы өтінім тапсырған дәрігердің рұқсаты мен сақтандыру полисі бар және спортшының медициналық анықтамасы мен толтырылған құжаттарымен командалар қатыстырылады.
- 2.2 Жарысқа қатысушы спортшылар:
- жарыс ережелері мен регламентін білуге және орындауға;
 - жеке басын растайтын құжаттары, дәрігерлік анықтамасы, сондай-ақ регламентте көзделген басқа да құжаттары болуға және оларды жарыс өткізуші тұлғалардың бірінші талабы бойынша ұсынуға;
 - барлық қатысушыларға, төрешілерге, жарыс өткізуші мен оларға қызмет көрсетуші тұлғаларға, сондай-ақ көрермендерге қатысты сыпайы, биязы болуға;
 - жарысқа белгіленген уақытта келу қажет;
 - төрешілердің нұсқауларын мүлтіксіз орындауға, белгіленген жұмыс тәртібін сақтауға, қатысушыларға белгіленген орында болуға міндетті.
- 2.3 Жарысқа қатысушы спортшылар:
- жаттығу орындауға қатысты шұғыл мәселелер бойынша тікелей төрешілерге, жарыс өткізуге байланысты қалған басқа жағдайларда өкілдеріне өтініш жасауға;
 - жаттығуды осы мақсаттар үшін бөлінген орындарда төрешілер алқасы белгілеген уақыттарда жүргізуге құқылы.
- 2.4 Жарысқа қатысушы спортшылар:
- әділқазылар алқасы мен жарысты ұйымдастырушылардың жұмысына араласуға, жекпе-жек кезінде төрешілерге кедергі келтіруге, наразылық білдіруге және дөрекі сөйлеп дауыс көтеруге тыйым салынады.;
 - төрешілерге қатысты қандай да болмасын дөрекілікке баруға тыйым салынады.
- 2.5 Кез-келген масштабтағы жарыстарға қатысушының өкілі тағайындалады, ол тәртіптің жай-күйі, оның мүшелерінің киім нысаны мен күн тәртібін сақтауы үшін жауап береді.
- 2.6 Спортшылардың киім үлгісі:
- тіс қорғайтын арнайы құрал (капа);
 - арнайы жауынгерлік қолқап, (шингарты, қалыңдығы 25-30мм);
 - белден төмен жерді қорғайтын арнайы құрал (бандаж);
 - аяқты қорғайтын арнайы құрал (футы);
 - қысқа шалбар (шорты);
 - жабдық қызыл және көк түс болуы керек;
 - спортшыға моншак, сырға, сақина, білезік, тұмар, сағат, шынжыр тағуға тыйым салынады.
- 2.7 Жетекші:
- жарыс өткізілетін жерге келгеннен кейін спортшыларын мандат комиссиясына таныстыруға;
 - қатысушы спортшылардың жарыс өткізілетін жерге уақытылы келуін қамтамасыз етуге, олардың осы ереже мен жарыс туралы ережені орындауын қатаң қадағалауға;
 - төрешілер алқасының отырысына қатысуға, жеребе тартуға қатысуға, өз спортшыларына төрешілер алқасының талаптары мен шешімдерін, жарыс бағдарламасының немесе күн тәртібінің өзгергені туралы хабарлауға;
 - спортшылары көрсеткен нәтижелерді білуге, олардың қорытындыларын уақытылы шығаруға;
 - бас төрешілер алқасына сақтандыру полистері, дәрігерлік анықтама мен өтінімдерін табыс етуге;
 - спортшыларды орналастыру мен тамақтандыруға, қамқорлық жасауға міндетті;

- төрешілерге олардың құзіретіне кіретін мәселелер бойынша өтініш жасауға міндетті;

2.8 Команда жетекшісі:

- төрешілердің шешімін бұзуға немесе олардың іс-қимылдарына араласуға;
- жарыс барысында спортшыларға жәрдем көрсетуге;
- жарыстың бас төрешісінің немесе оның орынбасарларының рұқсатынсыз жарыс өтіп жатқан немесе спортшылар орналасқан жерден кетуге тыйым салынады.
- жарыс барысында өз команда спортшыларының денсаулығына және әр-түрлі жарақат жағдайда жауапты.
- Әділқазылар алқасы мен жарысты ұйымдастырушылардың жұмысына араласуға, жекпе-жек кезінде төрешілерге кедергі келтіруге өз ойын білдіруге және дөрекі сөйлеп дауыс көтеруге тыйым салынады. Команда жетекшісі мен жаттықтырушы төреші қызметін атқаралмайды.

III. СПОРТШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

3.1 «Жекпе-жек» өнері бойынша жарыстарға әлемдік және Қазақстандағы жекпе-жек федерацияларының командалары, органдардың командалары, жеке клубтардың командалары және облыстық құрама командалары, Алматы, Шымкент және Астана қалаларының командалары мен жекелеген спортшылар, шет елдердің командалары мен жеке спортшылары өздерінің ұйымдастыру алқасына тапсырған өтінімдеріне сай қатыстырылады.

3.2 Жарысқа қатысушы әрбір команда немесе жеке спортшының тәжірибелі өкілінің болуы шарт.

3.3 Өтінімде мынадай деректер көрсетілуге тиіс: спортшының аты-жөні, туылған жылы, келген жері, жетістігі, дәрігердің жарысқа қатысуға берген рұқсаты. Спортшыға дәрігердің берген рұқсаты болмаса, тұрғылықты мекенжай анықтамасы және сақтандыру полисі болмаса жарысқа қатыстырылмайды.

IV. ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ

4.1 Төрешілер алқасын Қазақстан Республикасы «Жекпе-жек» ұлттық спорт федерациясының ұйымы тағайындайды.

4.2 Төрешілер алқасына жарысты осы ережеге және жарыс регламентіне сәйкес дайындау мен өткізу, жарыс нәтижелерін айқындау және жалпы қорытынды шығару жүктеледі.

4.3 Төрешілер алқасына: бас төреші алқасы мен төрешілер алқалары кіреді.

4.4 Төрешілер алқаларының құрамына: бас төреші, бас хатшы, жарыс алаңындағы төрешілер сондай-ақ ақпарат және уақыт төрешілері кіреді.

4.5 Мандат комиссиясын жарысты ұйымдастырушылары тағайындайды. Мандат комиссиясы жарысқа қатысатын спортшылардың құжаттарының сәйкестігін, аты-жөні, туылған жылы, келген жері, жетістігі, дәрігердің жарысқа қатысуға берген рұқсаты және сақтандыру полисін тексеріп, жарысқа қабылдайды.

4.6 Алаңда ойын үшін жауапты бас төреші. Даулы мәселелер туындаған жағдайда бас төреші шақырылады, ол төрешілер алқасын шақырып, дауды алаң төрешілерімен шешуге құқылы.

4.7 Бас төреші жарыс жетекшісі болып табылады және оның осы ереже мен жарыстар туралы ережеге сәйкес өткізілуін қамтамасыз етеді.

4.8 Бас төреші жарыс алаңындағы төрешілердің әділетті төрешілік етуіне жауапты.

4.9 Бас төреші:

- жарыстар өткізілетін орындардың, жабдықтар мен құралдардың әзірлігін, олардың жарамдылығын және осы ережеге сәйкестігін алдын-ала тексеруге;

- төрешілерді іріктеуге қатысуға, төрешілер бригадаларының жетекшілерін тағайындауға, осы бригадалардың құрамын белгілеуге және олардың нұсқаулығын өткізуге;
 - төрешілер алқасының жұмысына жетекшілік етуге;
 - хатшылықтың бүкіл алдын-ала жұмысын (жеребе өткізу және т. б.) тексеруге, бекітуге;
 - жарыс басталғанға дейін төрешілер алқасы мен жетекшісінің ұйымдастыру кеңесін өткізуге, оларды жарыстар туралы ережемен таныстыруға және төрешілерді жұмыс учаскелері бойынша орналастыруға;
 - келіп түскен наразылықтарды төрешілер алқасының карауына енгізуге және олар бойынша шешім қабылдауға;
 - жарыс аяқталғаннан кейін жарыс қорытындылары бекітілетін және төрешілер жұмысының бағасы жарияланатын төрешілер алқасының қорытынды отырысын өткізуге;
 - жарыстың салтанатты түрде ашылу, жабылу және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін белгілеуге;
 - жарыс аяқталғаннан кейін үш күннен кешіктірмей жарыстың есебі мен хаттамаларын жарыс өткізуші ұйымға табыс етуге міндетті.
- 4.10 Жарыстың бас хатшысы:
- қатысушы ұйымдардың өтініштерін қабылдайды, жарыс хаттамаларын дайындайды, қатысушы командалардың жеребесін өткізеді, жеребенің негізінде жұптар құрайды, бас төреші бекіткеннен кейін қатысушылардың танысуы үшін хаттамаларды іледі;
 - жарыс хаттамаларын өңдеуді жүргізеді, ұпайлар есебін жүргізеді және қорытынды шығарады;
 - жарыс нәтижелері бойынша жалпы техникалық есеп жасайды және жарыстың басқа материалдарымен бірге бас төрешіге табыс етеді;
 - төрешілер құжаттарын қабылдайды және жұмысының табелін жүргізеді;
 - спортшылардың біліктілік кітапшаларына нәтижелерін, алған орындарын жазады, сондай-ақ қол жеткізген жеңістері туралы анықтамалар береді.
- 4.11 Төрешілер бас хатшының басшылығымен жұмыс істейді. Олар жарыс өтіп жатқан жерден жедел ақпарат жинауға, оны уақытылы өндеуге және бас хатшыға бекітуге табыс етуге міндетті.
- 4.12 Төреші қатысушы спортшылардың тектерінің сәйкестігін, олардың киімдерінің сәйкестігін тексеруге міндетті. Қажет жағдайда қатысушы спортшылардың жеке басын растайтын құжаттарын тексереді.
- 4.13 Алаң таңдайды, жабықталған алаңның схемасы мен актісін жасап, оны бас төрешіге бекітуге табыс етеді. Жарыс басталар алдында алаңды тексеріп, таңбалайды.
- 4.14 Алаң төрешілері жарыс ережесін бұзатын болса, бас төреші міндеттерін атқарудан шеттетуге немесе жарыстан алып тастауға құқылы.
- 4.15 Уақыт төреші жарыс басталғанға дейін секундомерлердің немесе аппаратураның дұрыстығын, дәлдігін және бірдей жұмыс істеуін тексеруге тиіс. Жарыстың басталуы: секундомер бас төрешінің рұқсатымен қосылады, алайда жарыстың аяқталуын жауапты уақыт төреші белгілейді.
- 4.16 Ақпаратшы төреші қатысушыларды, көрермендерді, баспасөз, радио, теледидар өкілдерін жарыс ережелері, барысы, нәтижелері туралы білікті ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті және жарысты мүлтіксіз ұйымдастырып өткізуге жәрдемдесуге тиіс.
- 4.17 Ақпаратшы төреші жарыс басталғанға дейін жарыстар туралы ережені, жарыс бағдарламасын зерделейді, команда қатысушыларын сипаттайтын деректерді дайындайды.
- 4.18 Ақпаратшы төреші бас хатшыдан, ақпарат алу тәртібін белгілейді, оны жарыстың бас төрешісіне бекітпеді.

4.19 Республика чемпионаттары мен кубоктарында, спартакиадаларында, ұлттық спорт түрі фестивальдарында халықаралық жарыстарда аға ақпаратшы төреші тағайындалады, ол ақпаратшы – төрешілер мен дикторлардың жұмысына басшылық жасайды.

4.20 Жарыс дәрігері жарыста жан-жақты медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Ол:

- жарыс өткізілетін жерде медициналық жәрдем пункттерінің жұмысын, санитарлық машиналардың болуын ұйымдастыруға және жарыс бағдарламасында белгіленген жер мен уақытқа медициналық қызметкерлердің уақтылы келуін қамтамасыз етуге;
- жарыстың бас төрешісіне медициналық қызметтердің жұмысқа даярлығы туралы хабарлауға;
- мандат комиссиясының жұмысына қатысуға, қатысушылардың өтініштерін, оларда дәрігерлік дене-тәрбиесі диспансерлерінің, спортшыларды жарысқа жіберілетіндігі туралы рұқсаттарының болуын қарауға;
- бас төрешілер алқасының отырысына қатысуға;
- қатысушы спортшы ауру немесе жарақаттану себебінен жарысты жалғастыра алмайтын жағдайда, белгіленген үлгідегі анықтама беріп, жарыстың бас хатшысына осы туралы хабарлауға;
- жарыс аяқталғаннан кейін бас төрешіге орын алған ауруларды, жарақаттарды (спортшыларды тегі бойынша атап) көрсете отырып, медициналық қызмет көрсету нәтижелері туралы есепті табыс етуге;
- спортшыларды салмақ өлшеуден алдын медициналық сараптама жасауға;

сараптама жасағанда:

- а) қан қысымын өлшеу;
- б) жүрек соғысы мен өкпесін тексеру;
- в) құлақ, көз, тамақты тексеру;
- д) биостимуляторға (допингке) қарсы тексеруге міндетті.

V. ЖАРЫС ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН ТӘРТІБІ

5.1 «Жекпе-жек» спорты бойынша жарыстар арнайы жабдықталған спорт сарайында және сырт алаңдарында өткізіледі.

- жарыс алаңы тегіс және жұмсақ шаршы немесе дөңгелек алаңда алтыдан он метрге дейін болуы шарт. (Жарыс ұйымдастырушылардың байқауына қарай, сегіз бұрыштық торы бар алаңында (октагон) және боз кілемде өткізу болады).

5.2 «Жекпе-жек» спорты бойынша жарыстар төмендегі көрсетілген жасерекшеліктермен салмақ дәрежесінде өтеді:

Ересектер:

Ерлер: -53 кг., -57 кг., -61 кг., -66 кг., -71 кг., -77 кг., -84 кг., -93 кг., +93 кг.
Әйелдер: - 52 кг., - 57 кг., - 62 кг., - 67 кг., + 67 кг.

23-жасқа дейінгі жастар:

Ерлер: -53 кг., -57 кг., -61 кг., -66 кг., -71 кг., -77 кг., -84 кг., -93 кг., +93 кг.
Әйелдер: - 52 кг., - 57 кг., - 62 кг., - 67 кг., + 67 кг.

Жастар:

Ерлер: -49 кг., -53 кг., -57 кг., -61 кг., -66 кг., -71 кг., -77 кг., -84 кг., +84 кг.;
Әйелдер: 48 кг., -52 кг., 57 кг., 63 кг., +63 кг.

5.3 Жастар арасындағы жарыс 3 минуттық 2 кезеңнен тұрады. Екі кезеңнің арасында 1 минут үзіліс беріледі. Спортшылар тең түсіп жатқан жағдайда төрешілердің

шешімдерімен 3 минуттық 3-ші кезең тек жартылай финалда немесе финалда ғана қосылады.

5.4 23-жасқа дейінгі жастар арасындағы жарыс 3 минуттық 2 кезеңнен тұрады. Екі кезеңнің арасында 1 минут үзіліс беріледі. Спортшылар тең түсіп жатқан жағдайда төрешілердің шешімдерімен 3 минуттық 3-ші кезең тек жартылай финалда немесе финалда ғана қосылады.

5.5 Ересек ерлер арасындағы жарыс 3 минуттық 2 кезеңнен тұрады. Екі кезеңнің арасында 1 минут үзіліс беріледі. Спортшылар тең түсіп жатқан жағдайда төрешілердің шешімдерімен 3 минуттық 3-ші кезең тек жартылай финалда немесе финалда ғана қосылады.

5.6 Ересек әйелдер арасындағы жарыс 3 минуттық 2 кезеңнен тұрады. Екі кезеңнің арасында 1 минут үзіліс беріледі. Спортшылар тең түсіп жатқан жағдайда төрешілердің шешімдерімен 3 минуттық 3-ші кезең тек жартылай финалда немесе финалда ғана қосылады.

5.7 Спортшыларға жасерекшеліктеріне қарай соққы беру тәртібі:

- Жастар арасында ұруға, тебуге рұқсат етіледі. Тіземен тек денеге рұқсат.
- Ересектер арасында ұруға, тебуге соққы рұқсат етіледі.

5.8 Жеңімпаздар алған ұпайларына қарай анықталады.

Спортшыларға ұпай беру тәртібі:

- қарсы соққылардың алмасуы есептелмейді;
- аяқпен аяққа(low kick) берілген соққыға белсенділік;
- төрттағанда (parterre) колмен берілген соққыға белсенділік;
- колмен берілген соққыға 1 ұпай;
- аяқпен денеге берілген соққыға 1 ұпай;
- белден төмен көтеріп немесе әдіс жасап жыққанға 1 ұпай;
- аяқпен басқа берілген соққыға 2 ұпай;
- белден жоғары көтеріп немесе әдіс жасап жыққанға 2 ұпай;
- ауырту және қылқындыру әдістері таза жеңіс;
- (knockout) таза жеңіс;

5.9 Спортшыларға рұқсат етілмейтін әдістер:

- төрешінің "баста" бұйрығынан бұрын және "тоқта" бұйрығынан кейін соққы беруге; (1ші-ауысша ескерту)(2ші-қатаң ескерту)
- спортшыға тән емес мінез құлық көрсетуге, балағат сөздер айту, бағынбау немесе төрешіге дау айтуға;(жарыстан шеттетіледі)
- денеге майлар мен сұйықтықтарды жағуға;(ауысша ескерту)
- түкіру немесе сөйлеу;(ауысша ескерту)
- жалған немесе әрекетсіз шайқас өткізу; (1ші-ауысша ескерту)(2ші-қатаң ескерту)
- шайқастағы үзілістерлі ұзарту және алаңнан рұқсатсыз кету;(ескерту)
- жекпе-жек кезінде боз кілем шеңберінен (екі аяқпен) шығуға; (ескерту)
- шынтакпен басқа соққы беру; (қатаң ескерту)
- тамаққа соққы беру; (қатаң ескерту)
- баспен басқа соғуға; (қатаң ескерту)
- қарақұсқа, арқаға соққы беру (бастың артқы жағынан құйымшаққа дейін); (қатаң ескерту)
- белден төмен (пах) соққы беру; (қатаң ескерту)
- тіземен басын тартып соққы беру; (қатаң ескерту)
- қарсылас төрттағанда (parterre) болғанда бастан тебуге, өкшемен денеге тебуге;
- өкшені бұрауға немесе табанды қайыруға; (қатаң ескерту)
- шаштан немесе құлақтан ұстауға; (қатаң ескерту)
- омыртқаға ауырту әдістерін жасауға; (қатаң ескерту)

- қарсыласты көтеріп басымен тастауға (slam); (қатаң ескерту)
- саусақпен көзге шұқуға немесе шымшуға; (қатаң ескерту)
- тырнап немесе тістеуге; (қатаң ескерту)

Ескерту: қатаң ескертуден кейін спортшы ережені бұзған жағдайда жарыстан шеттетіледі. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде қарсыласының денсаулығына зиян келтірген жағдайда оған өкілі мен жіберуші ұйым жауапты.

5.10 Төрешіден 3 рет ескерту алған спортшы жеңілген болып есептеледі.

5.11 Егер спортшы жарыс барысында ауырту немесе қылқындыру әдісіне түсіп есінен талып қалса және дыбыс шығарса жеңілген болып есептеледі.

5.12 Егер спортшы жарыс барысында жарақат алып, дәрігер спортшы жекпе-жекте жалғастыра алмайды деген шешім шығарса, жараланған спортшы жеңіліс табады. Алайда спортшыны жарыста қолдануға тыйым салынған әдіспен жарақаттаса жарақат алған спортшы жеңіске жетеді.

5.13 «Жекпе-жек» спорты бойынша жарыстар олимпиядалық жүйе бойынша өткізіледі (бір жеңілістен кейін тоқтайды).

5.14 «Жекпе-жек» спорты бойынша командалық есепте бірінші орындардың көптігімен анықтайды, бірінші орындар бірдей болғанда екінші орындардың санымен анықталады, ол кезде де тең болғанда үшінші орындардың санымен анықталады.

5.15 «Жекпе-жек» спорты бойынша жарыстар ұйым біріншілігі, аудандық біріншілік, қалалық біріншілік, облыстық біріншілік, республикалық біріншілік, халықаралық біріншілік болып өткізіледі.

5.16 «Жекпе-жек» спорты бойынша жарыстар кіші жасөспірімдер, жасөспірімдер, жастар, ерлер мен әйелдер және қыздар арасында өткізіледі.

5.17 Жарыстың қауіпсіздік шаралары ішкі істер департаменті қызметкерлерінің қатысуымен қамтамасыз етіледі.

VI. ЖАРЫСҚА ӨТІНІМ БЕРУ ҮЛГІСІ

Қосымша-1

ӨТІНІМ

жарыс атауы (толық жазылуы тиіс) команда атауы
Жекпе-жектен (жас ерекшелігі) Қазақстан Республикасы чемпионатына қатысу үшін
Астана қаласы командасынан

Өтетін орны (Шымкент қаласы)

«___» _____ 20__ ж.

р/н	Тегі, аты- жөні	Туған жылы (айы, күні)	Спортты қ атағы	Салмақ дәрежесі	Көрсеткіште рі (жетістігі)	Оқу орны, жұмыс орны	Жаттықтырушыс ы	Дәрігер рұқсаты
1								
2								
3								
...								

Барлығы жарысқа ___ (жазбаша) спортшы жіберілді.

Дәрігер

Өкіл (жаттықтырушы)

Мекеме басшысы

_____/_____
 (қолы) (тегі аты-жөні)

_____/_____
 (қолы) (тегі аты-жөні)

(жергілікті атқарушы орган)

Жергілікті федерация

Төреші

_____ / _____ /	
(қолы)	(тегі аты-жөні)
_____ / _____ /	
(қолы)	(тегі аты-жөні)
_____ / _____ /	
(қолы)	(тегі аты-жөні)

VII. НАРАЗЫЛЫҚТАР

6.1 Жекпе-жек кездесулері аяқталғаннан кейін қапталдағы төрешілердің берген ұпайларға шағым қабылданбайды және шығарған шешімдерін талқылауға, наразылық білдіруге болмайды.

Наразылықты ортадағы төрешінің жіберілген қателігі анықталған жағдайда ғана қарастырылады, төрешілер алқасына команда жетекшісі тек жазбаша нысанда толық бейнежазбаны көрсетіп және келесі айналымға жеткізбей жарты сағаттан кешіктірмей табыс етуі тиіс. Бас төрешілер алқасы наразылықты қабылдап алуға, оны қарауға, ол бойынша шешім қабылдауға және оны өтініш берушіге барынша аз мерзімде жарыс қорытындылары бекітілгенге дейін міндетті түрді жеткізуге тиіс. Бас төрешілер алқасының талап қатысындағы шешімі кездесу аяқталғаннан кейін жарты сағат ішінде қабылдануға тиіс.

6.2 Бас төреші алқасы наразылықтар бойынша шешімдердің мазмұнын барлық командалар жетекшісіне дейін жеткізеді.

6.3 Наразылықтар бойынша бас төрешінің шешімі кесімді болып табылады және қайта қарауға жатпайды.

Негізін қалаушы: Сабыржан Ғалымжанұлы Махметов.